

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ




КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.  
Д.АСФЕНДИЯРОВА

# СӨЖ: Коронарлық синдром

Орындаған: Әбдідін Е.  
Тобы: ЖМ 12-018-02  
Қабылдаған:

# Тәж артериялары



# АНЫҚТАМАСЫ

**КС – бұл миокардтың қанмен қамтамасыз етілуі мен оның оттегіне сұранысы арасындағы дисбалансқа байланысты жүректің жедел (миокард инфаркты) және созылмалы (стенокардия) түрде зақымдануы.**









**Стенокардия — коронарлық қан айналымның жеткіліксіздігінен ишемияның дамуы. Бұл жүрек қыспасымен сипатталады.**

**Төс артындағы ұстамалы түрде қысып, күйдіріп, ашып ауырсыну сезімімен білінеді. Ауырсыну сол жақ қолға, иыққа, мойынға, жаққа таралады. Науқас бір орнында қозғалмай тұрып қалады, қорқыныш, үрей сезімі пайда болады. Ұзақтығы бірнеше секундтан, 20-30 минутқа дейін, тыныштық күй сақтағанда немесе нитроглицерин қолданғанда ауырсыну басылады. Физикалық күш түсуі, эмоциялық жағдайлар ұстаманың дамуына себепші болады.**

# Стенокардиямен Науқастың келбеті





**МИ – миокардтың оттегіне мұқтаждығын тәж артериясындағы қан айналымның қамтамасыз ете алмауынан дамидын миокардтың ишемиялық некрозы.**

**Ауырсыну сипаты стенокардияда-ғыдай, бірақ өте күшті, ұзақтығы жарты сағаттан ұзақ бірнеше сағатқа, тәуліктерге дейін созылады, тыныштық күйге, нитроглицеринге басылмайды. Науқас қозу жағдайында болады, өлім үрейі билейді, суық тер басады.**

# Даму себептері (этиологиясы)

Негізгі себебі- тәж артерияларының атеросклерозы.

- тромбоздың салдарынан тәж артериясының бітелуі (90%);
- стеноздың үстінде тәж артериясының түйілуі;
- тәж аретриясының стенозы салдарынан миокардттың оттегіге сұранысының күрт артуы.

# Тәж артерияларының атерияларының атеросклерозы





рис. 1







## **Даму механизмі (патогенезі):**

**Белгілі бір аймаққа қан келуінің нашарлауынан (ишемия), толық тоқтауынан немесе күрт төмендеуінен (некроз) дамиды.**

**Қанмен қамтамасыз етілуіне қарай зақымдалған ошақтың үш зонасын айырады. Ең сыртында ишемиялық зона, одан кейін – зақымдану зонасы, ортасында – некроз ошағы.**



**Жедел  
миокард  
инфаркты  
кезіндегі үш  
аймақ**



**Некроз ошағында миомаляция мен асептикалық қабыну процесі жүреді. Осыдан миокард инфарктын дәлелдейтін резорбциялық – некроздық синдром пайда болады (дене қызуының жоғарылауы, лейкоцитоз, ЭТЖ жоғарылауы, қандағы ферменттердің жоғарылауы: АЛТ, АСТ т.б.).**

**Зақымдану және ишемиялық зонада шала тірі қалған кардиомиоциттер, ауыр метоболизмдік бұзылыстарға ұшырауынан, өмірге қауіп төндіретін ырғақ бұзылыстарын туындатуы мүмкін.**

# ЭКГ диагностикасы

ЭКГ бойынша стенокардияның белгілері тек ұстама кезінде ғана анықталады.

МИ некроздың тереңділігі мен көлемділігі:

- Ірі ошақты
- ірі ошақты трансмуральді (патологиялық QS тісшесімен)
- ірі ошақты трансмуральді емес (патологиялық Q тісшесімен)
- Ұсақ ошақты «Q-сыз миокард инфаркті»
- субэндокардиальді;
- интрамуральді.



**Миокард инфарктінің орналасуы:**

**Сол қарынша миокардының инфаркты:**


- **алдыңғы**
- **алдыңғы - қалқалық**
- **қалқалық**
- **бүйірлік**
- **алдыңғы-бүйірлік**
- **артқы**
- **артқы-бүйірлік**
- **алдыңғы – артқы**

# МИ кезеңдері:

- Өткір кезеңде ( 1 апта) – терең жалпақ Q тісше пайда болады. Трансмуральді миокард инфарктының өткір кезеңінде QS комплексі пайда болады.
- Өткірлеу кезеңге (1-2 аптаға созылатын) келесі өзгерістер тән: ST аралығының изосызыққа жақындауы. “Коронарлық” теріс T – тісшесінің қалыптасуы.
- Тыртықтану кезеңіндегі көріністері: ST аралығы изосызыққа түседі; Теріс T- тішенің тереңдігі біртіндеп тайыздалып, кейде оң T- тішеге айналады. Кейде тыртықтың айналасындағы миокардтың гипертрофиялануынан Q – тісшесінің сәл кішіреюі немесе QS комплексінің Qr комплексіне айналуы байқалады.

# Стенокардия ұстамасы кезіндегі ЭКГ өзгерістер

ишемия



"\_ ^ \_ ^"

Депрессия ST-сегмента

"Коронарная" Т-волна

## **Миокард инфарктінің ЭКГ белгілері:**

**Некроз аймағы - QRS компелексінің өзгерісімен,  
зақымдану – ST аралығының ауытқуымен,  
ишемия – Т – тісшесінің өзгерісімен білінеді.**



Назарларыңызға рахмет!